

ӘОЖ 655.4

Б.О. Әсембаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

E-mail: bakyt\_kaznu@mail.ru

**Баспа қызметіндегі авторлық құқық мәселелері**

Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңына сәйкес, баспа – құқықтық қатынастар субъектісі болып табылады. Баспа құқық иеленушілермен жасалатын авторлық шарттар бойынша, авторлық құқық объектілерін қайта шығаруға және таратуға байланысты мүліктік құқықтарға ие болады. Бұл шарттарды жасау кезінде туындыны жариялау және оны жарыққа шығару сияқты заңды фактілердің құқықтық салдарларын да, сол шығармаға байланысты авторлық құқықтың әрекет ету мерзімін және мүліктік құқықтардың мұрагерлікке өту мәселелерін де ескеру қажет.

**Түйін сөздер:** санаткерлік меншік, баспа, автор, авторлық шарт, авторлық құқық объектілері, конвенция, авторлықтың ақиқаттылығы, халықаралық шарттар, құқықтық қатынастар субъектілері.

B.O. Asembaeva

**Copyright problems in publishing**

The author of article considers the main questions of copyright in publishing. And also raises the legal questions of use of objects of copyright and the organization of the contractual relations in publishing. Emphasizes value of observance of rules and acceptance of a measure of prevention of violations of copyright both more *vozzrastuyushchy* importance and value of protection of copyright.

**Keywords:** intellectual property, publishing house, author, author's contract, objects of copyright, convention, authorship presumption, *mezhdunaodny* contracts, subjects of legal relations.

Б.О. Асембаева

**Проблемы авторского права в издательской деятельности**

Автор статьи рассматривает основные вопросы авторского права в издательской деятельности. А также затрагивает правовые вопросы использования объектов авторского права и организации договорных отношений в издательской деятельности. Подчеркивает значение соблюдения правил и принятия меры предотвращения нарушений авторских прав и более возрастающую важность и значение охраны авторского права.

**Ключевые слова:** интеллектуальная собственность, издательство, автор, авторский договор, объекты авторского права, конвенция, презумпция авторства, международные договора, субъекты правовых отношений.

Қазіргі дамыған елдер санаткерлік меншікті қорғау мәселесіне ерекше көңіл бөлуде.

Дүниежүзілік Санаткерлік Меншік Ұйымын (ДСМҰ) құрған, 1967 ж. 14 маусымда өткен Стокгольм конвенциясында былай делінген:

«Санаткерлік меншік – бұл ғылым, әдебиет, өнер туындыларына, сондай-ақ ЭЕМ-ге арналған бағдарламаларға және деректер қорына, патенттерге және өзге де өнертапқыштық және өндіріс үлгілеріне, ноу-хауға, сауда құпияларына, сауда

белгілеріне және қызмет көрсету белгілеріне фирмалық атауларға арналған құқықтар болып табылады» [1].

Қазақстан авторлық құқықтар жөніндегі халықаралық Конвенциялардың мүшесі болып табылады.

1952 жылы 6 қыркүйекте Женевада қабылданған Дүниежүзілік авторлық құқық жөніндегі конвенцияның кіріспесінде санаткерлік меншік саласындағы тұлғалардың

құқықтарын сақтау, оларды сыйлау, әдебиет, ғылым мен өнердің дамуына ықпал жасау – халықаралық өзара түсіністікке игі әсерін тигізетіндігі қадап айтылған.

КСРО аталмыш конвенцияға 1973 жылы ғана қосылған болатын. Біздің мемлекетіміз егемендікке қол жеткізгеннен кейін, одақтың құқықты мұрагерлерінің бірі ретінде аталған конвенцияның мүшесі болып қалды.

Әдеби және көркем туындыларды қорғау жөніндегі тұңғыш конвенция 1886 ж. Бернде қабылданды. Аталмыш конвенция өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі 1883 жылы қабылданған Париж конвенциясымен бірге Дүниежүзілік Санаткерлік Меншік Ұйымының келісім жүйесіне негіз болды. Одан кейінгі келісімдер осы екеуі қамтитын санаткерлік меншікті қорғауды кеңейте және тереңдете түсті.

Берн конвенциясына қосылған барлық елдер авторларының құқықтарының тең қорғалуы – осы құжаттың басты шарты. Яғни әр тарап өз заңдарына сәйкес, сол мемлекеттің азаматы болып табылатын авторлардың, сондай-ақ басқа ел авторларының да құқықтарын тең дәрежеде қорғауды жүзеге асыруға міндеттенеді. Шығармашылық еркіндікке осылайша жол ашу конвенцияға қосылған барлық елдерге тән сипат.

Қазақстан Республикасы Президенті «Қазақстан Республикасының Әдеби және көркем туындыларды қорғау жөніндегі Берн конвенциясына қосылуы туралы» заңына 1998 жылдың қарашасында қол қойды. Осы арқылы Қазақстан өзінің шығармашылық еркіндігін, санаткерлік потенциалды қорғау қағидаларының жолын берік ұстай отырып, әлемдік қауымдастықтан лайықты орын алуға ұмтылысын дәлелдей түсті.

Берн конвенциясы авторлық құқықтарды халықаралық дәрежеде қорғауды барынша жақсартып отырып, нәтижелі жетістіктерді қамтамасыз етеді. Оған қосылу Қазақстанның ДСМҰ өткізетін авторлық құқық жөніндегі барлық халықаралық форумдарға қатысуға, авторлық құқықтар туралы мәселеге өз пікірін білдіруге және халықаралық ұйымдармен байланысты арттыра түсуге мүмкіндік береді.

Осы конвенцияға мүше болу арқылы Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына (ДСҰ) кіру мүмкіндігі артады. Ең бастысы, Берн

конвенциясына қосылу республиканың өзінде де, басқа елдерде де авторлық құқықты тиімді қорғауға сенімді алғышарт жасайды.

ДСМҰ-дан басқа, санаткерлік меншікті қорғауға белсенді күш жұмсайтын халықаралық ұйымдар бар; олар: ЮНЕСКО, Еуропалық қауымдастық комиссиясы, Тарифтер және сауда жөніндегі бас келісім және т.б.

«Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заң баспа қызметіне тікелей қатысты. Осы заңға сәйкес, баспа құқықтық қатынастар субъектісі болып табылады. Баспа құқық иеленушілермен жасалатын авторлық шарттар бойынша, авторлық құқық объектілерін қайта шығаруға және таратуға байланысты мүлкітік құқықтарға ие болады. Бұл шарттарды жасау кезінде туындыны жариялау және оны жарыққа шығару сияқты заңды фактілердің құқықтық салдарларын да, сол шығармаға байланысты авторлық құқықтың әрекет ету мерзімін де және мүлкітік құқықтардың мұрагерлікке өту мәселелерін де ескеру қажет. Заңда келтірілген терминдер мен ұғымдар авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілеріне (дыбыс – бейнежазу туындысы, сәндік қолданбалы өнер туындысы, ЭЕМ-ге арналған бағдарлама, деректер базасы, орындау, эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабары, фонограмма, туындының данасы, фонограмманың данасы), авторлық және сабақтас құқықтардың субъектілеріне (автор, дыбыс-бейнежазу туындысының дайындаушысы, фонограмманы дайындаушы, орындаушы, спектакльді қоюшы режиссер), сондай-ақ авторлық және сабақтас құқық иеленушілердің субъективтік құқықтарына (туындыны жариялау, туындыны жарыққа шығару, туындыны қайта шығару, көшірмелеу, репрографиялық қайта шығару, туындыны көпшілікке көрсету, көпшілік үшін орындау, жалпы жұрттың назарына арнап хабарлау, жалға беру, эфирге беру, фонограмманы қайта шығару және т.б.) қатысты.

Заңдағы ең негізгі терминдердің бірі – автор. Ол шығармашылық еңбегімен туынды жасаған жеке тұлға. Жеке тұлғаны автор деп тану үшін, одан тіркеу және депозитке ақша салу, т.с.с. іс-әрекеттерді орындау талап етілмейді. Ол үшін туындыны жарыққа шығаруға немесе оны қайта шығаруға мүмкін болатындай объективті формада туындыны дүниеге келтірудің заңды фактісі жеткілікті болып саналады.

Азаматтық кодекске сәйкес, азаматтығына, жас шамасына және әрекет ету қабілеттілігіне қарамастан, кез келген жеке тұлға автор бола алады.

ҚР «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңында айтылғандай, заңды тұлғалардың авторлық құқықты иеленуі көзделмеген. Заңға сәйкес, тек жеке тұлғалар ғана автор бола алады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, «осы кодексте және өзге де заң актілерінде белгіленген реттер мен тәртіп бойынша азаматтың немесе заңды тұлғаның шығармашылық интеллектуалдық қызметтің нәтижелеріне және оларға теңестірілген заңды тұлғаны дараландыру құралдарына, жеке немесе заңды тұлғаның өзі орындайтын жұмысының немесе қызметінің өнімдеріне (фирмалық атау, тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі және т.б.) ерекше құқығы танылады» [2]. Бұл бап бойынша заңды тұлғалардың авторлық құқығы ҚР Азаматтық кодексі мен басқа да заң актілерінде бекітілген жағдайлар мен шектеулер негізінде ғана танылады. Баспалар дайындайтын авторлық шарттар бойынша, заңды тұлға автор ретінде танылмайды. Кейбір шетелдердің авторлық құқық саласындағы заң актілерінде заңды тұлғаларға авторлық құқық берілген, сондықтан шетелдік азаматтармен баспа шартын дайындайтын жағдайда, сол елдің авторлық-құқықтық қатынастарын реттеуші ұлттық заңдарын білу талап етіледі.

Авторлық құқық саласындағы халықаралық шарттарда бекітілгендей, өз шығармашылық қызметінің нәтижелеріне байланысты автордың құқықтары айрықша болып табылады, яғни туындыны кім қандай әдіспен және қандай жағдайда пайдаланатыны туралы шешім қабылдайтын жалғыз субъекті автор болып табылады. Авторлық құқықтың ерекше сипаты да осында жатыр.

Заңда құқықтық қатынастар субъектілері құқықтарының ақиқаттылығын анықтайтын бірқатар ережелер бар. Ал құқықтық қатынастар авторлық құқық объектісіне берілетін құқықтардың туындауына, пайдаланылуына және басқаға берілуіне байланысты пайда болады. Осы құқықтық қатынастарды реттеуде авторлықтың ақиқаттылығы маңызды рөл атқарады. Кез келген жеке тұлғаны автор деп тану үшін, туындыны тіркеу, оны сақтауға өткізу, рұқсат алу, т.с.с. іс-әрекеттерді орындау талап

етілмейді. Ол үшін туынды жарыққа шығаруға мүмкін болатындай кез келген объективті формадағы туындыны дүниеге келтіру заңды фактісі ғана жеткілікті болып табылады.

«Өзге дәлелдер болмаған жағдайда туындының түпнұсқасында немесе данасында автор ретінде көрсетілген адам туындының авторы деп саналады» [3]. Сондықтан да авторлықты дәлелдеу жөніндегі даулы мәселелер туындаған жағдайда өзінің айрықша құқықтарын дәлелдеуді жеңілдету мақсатында, автордың бірқатар шараларды алдын ала қолдануы қажет. Мұндай шаралардың кейбірі мыналар:

– компьютерлік бағдарламалық өнімдерді ресми тіркеуден өткізу;

– туындының данасында авторлық құқық қорғау белгісін қолдану;

– қолжазбаны сақтауға беру, т.с.с.

Егер де туынды жасанды не бүркеншік атпен жарияланған жағдайда (автордың бүркеншік аты оның өзі екеніне күмән туғызбайтын жағдайды қоспағанда), туындыда есімі немесе атауы көрсетілген баспагер өзге дәлелдер болмаған кезде осы Заңға сәйкес, автордың өкілі болып табылады. Және ол өкіл ретінде автордың құқығын қорғауға, оның жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге құқығы бар. Бұл ереже сондай туындының авторы өзінің кім екенін ашқанша және өзінің авторлығын мәлімдегенше қолданыла береді.

Осыған сәйкес, баспа қызметінде, жасырын немесе бүркеншік атпен туындысын жариялағысы келетін авторларға ерекше көңіл бөлу керек. Өйткені туындының азаматтық айналысқа түсу жағдайларының бәрінде және авторлық құқық бұзылуы туралы заңды мәселелер туындаған жағдайда да баспа автордың өкілі ретінде саналады.

Ал егер де баспадан құрама туындылар жарық көрсе, мұндай жағдайда баспа үшін туындыны пайдалануға айрықша құқықтар иелену ақиқаттылығы енгізілген.

Баспа қызметінде компьютерлік туындыларды пайдаланудың екі жағы бар. Бірінші жағдайда, компьютерлік туынды технологиялық процесті және баспа өнімін көбейтуге байланысты қызметтер атқарады. Мұндай компьютерлік туындыларға операциялық жүйелер, түрлі мәтіндік редакторлар, автоматты түрде беттеуді жүзеге асырушы бағдарламалар, түрлі деректер базалары және т.б. туындылар жатады. Екінші жағдайда, компьютерлік деректер ба-

залары болып табылатын, машинкағабасылған авторлық қолжазбалар және баспа өнімдерінің түпнұсқа макеттері – компьютерлік туындылар ретінде шаруашылық айналымға енгізіледі. Қызметтік тапсырмалар арқылы дүниеге келетін компьютерлік туындылар жұмысшы мен жұмыс берушінің арасында жасалатын келісімшарт негізінде реттеледі. Келісімшарттың түрлері, жұмысшы мен жұмыс берушінің өзара келісімшарт жасауы нәтижесінде туындайтын міндеттер туралы ҚР «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңының 14-бабы негізінде түсіндіріледі.

Авторлық құқық саласындағы халықаралық келісімдердің негізгі принципі автор мен қоғам мүдделерінің арасындағы тепе-теңдікті қадағалау принципі болып табылады. Өйткені автор туындысының қоғамға қажеттілігі артқан сайын соғұрлым автордың шығармашылығының жемісті болғаны айқындалады. Осы принципке сәйкес, халықаралық келісімдер, ұлттық заңдарымыз бойынша туындыны автордың келісімінсіз және авторлық сыйақы төлемей еркін пайдаланудың қатаң түрде шектелген, белгілі бір әдістеріне жол беріледі. Осы принципке сәйкес норма ҚР «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңында орын алған.

Және егер заңды түрде жарияланған туындының даналары оларды сату нәтижесінде азаматтық айналысқа енгізілетін болса, онда оларды автордың келісімінсіз және авторлық сыйақы төлемей әрі қарай сатуға және таратуға рұқсат етіледі. Бірақ та туынды даналарын жалға беру арқылы тарату құқығын бұл даналарға берілген меншік құқығына тәуелсіз түрде автордың өзі иеленеді.

Авторлық құқықтар бұзылғанда немесе даулы мәселелер туындаған кезде құқық

иеленушілердің құқықтарын қорғау үшін қолданылатын іс-шаралар жиынтығы авторлық құқықтарды қорғау болып табылады. Авторлық құқықты қорғаудың тиімділігін арттыру мақсатында бірқалыпты механизм жүйесін құру мемлекеттік маңызды іс болып табылады.

Авторлық құқық қорғау субъектілері – туындының авторлары, мұрагерлері және құқық иеленушілері болып табылады.

ҚР «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңының, авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы қатынастарды реттеуші басқа да заңдар нормаларын қадағаламай, туындыны пайдаланған жеке немесе заңды тұлға авторлық және сабақтас құқықтарды бұзушы болып табылады.

ҚР «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңында бекітілгендей, авторлық және сабақтас құқықтарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтық, қылмыстық және әкімшілік жауаптылық туындайды.

«Авторлық құқық дегеніміз – бұл жай ғана құрғақ сөз, жансыз ұғым емес, ол әрбір өнерпаздың, сөз зергерінің, ғалымның, өнертапқыштың жүрегінде тұратын қасиетті түсінік. Ол – өнер мен әдебиетті, ғылымды өмірінің мәніне айналдырған адамның тіршілік етуіне қажетті табыс көзі болумен бірге оның кісілік келбетін (менін), рухани жан дүниесін танытатындықтан бұл ұғымның аясы өте кең. Меншіктің бірде-бір түрі санаткерлік меншікпен шендесе алмайды, өйткені ол уақыт тезінен тозбайтын, ешқашан көнермейтін қазына, халықтың болмысын, рухани қуатын танытатын қазына. Сондықтан оны өз елімізде де, өзге ортада да қорғай білсек, біздің елдігіміздің мәні, мемлекетіміздің қуаты арта түсер еді» [4].

#### Әдебиеттер

- 1 Оразалинов С. «Авторды қорғау – руханиятты қолдау». – Алматы: Жеті жарғы, 2000.
- 2 ҚР Азаматтық кодексі. Жалпы бөлім. 125-бап.
- 3 Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы ҚР заңы. – Алматы: Жеті жарғы, 2006. 9-бабы, 2-тармағы.
- 4 Оразалинов С. «Авторды қорғау – руханиятты қолдау». – Алматы: Жеті жарғы, 2000.

#### References

- 1 Orazalinov S. «Avtordy qorgau – rukhaniyatty qoldau». – A.: Zheti zhargy, 2000.
- 2 QR Azamattyk kodeksi. Zhalpy bolim. 125- bap.
- 3 Avtorlyq qyqyq zhane sabaqtas qyqyqtar turaly QR zany. – A.: Zety zhargy, 2006. – 9-baby, 2-tarmagy.
- 4 Orazalinov S. Avtordy qorgau – rukhaniyatty qoldau. – A.: Zheti zhargy, 2000.